



# ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗДЫҢ БІРІ – ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКАЛЫҚ ӨНЕР

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласындағы «Дала фольклоры мен музыканың мың жылы» жобасында айтылған жастарды патриозимге тәрбиелеу, ұлттық рухта дамыту, дәстүрлі музыкалық өнерді олардың бойларына сіңіріп насихаттау, халық өндері мен күйлерінің құндылығын жоғалтпай, қазіргі заманауи өнердің негізінде жетілдіріп, ұлттық құндылықтарды сақтау болып табылатынын ескерткен болатын.

Өнер ұлт болмысының айнасы десек, музыка халықтың асқақ рухының тілі. Ол ғасырлар бойы үздіксіз жетіліп даму үстінде болатын жанды мәдени құбылыс.

Қазақ халық музыкасы – қазақ ұлтының дәстүрлі музыкасы, қазақ фольклорының маңызды саласы. Қазақтың дәстүрлі музыка мұрасы аса бай. Оның эпикалық жанрларын атайтын болсақ жыр, терме, толғау, желдірме, айтыс өнері, лирикалық өндер болып ерекшеленеді.

Қазақ халқының дәстүрлі өнеріне ұлттық музыкалық аспаптар домбыра мен қобызда орындалатын халық өндері мен күйлерін жатқызуға болады.


Қазақ халқының әншілік дәстүрлі өнері: Арқа әншілік дәстүрі, Батыс Қазақстан әншілік дәстүрі, Жетісу әншілік дәстүрі, Сыр өңірі әншілік дәстүрі болып бөлінеді.

Қазақ халқының мерей тұтып, мақтанш өтер асыл мұрасы, рухани жәдігерліктері ішінде замана сүзгісінен өтіп, бүгінгі ұрпақтың еншісіне егжей-тегжейлі жеткен өн қазынасы қашаннан дәстүрлі өнердің қаймағы саналады.

Дәстүрлі ән үлгілері ежелден ғұрыптық өндер, халық өндері, кәсіби халық композиторлары шығармалары болып, баға жетпес құндылықты құрайды. Қазақтың әншілік өнері жанрлық сипаты жөнінен алуан түрлі. Қазақтың фольклортанушылары мен музыка зерттеушілері қазақтың дәстүрлі ән өнерін тұрмыс-салтқа байланысты ғұрыптық өндер, халық өндері және кәсіби өндер деп жіктеп қарастырып жүр.

Ғұрыптық өндердің өзі-бесік жыры, тойбастар, беташар, жоқтау, көрісу, сыңсу, жар-жар, жарапазан болып, тармақталса, әншілік өнердің көң өріс алған кезінде пайда болған кәсіби өн өнері-халық өндері (анонимды-авторлық) және кәсіби халық композиторларының өндері болып саналады.

Қазақ халқы өн мен күйге аса бай халықтардың бірі. XIX ғасырдағы қазақтың музыка мәдениетін зерттеушілер қазақта мың өн, бес жүз күй барлығын жазған болатын. Қазақтың музыка мәдениеті дәуірден дәуірге дамып келді, қазақ халқы өн мен күйге аса құмар халық.



«Құлақтан кіріп бойды алар,  
Жақсы өн мен тәтті күй,  
Жүрекке түрлі ой салар,

Әнді сүйсең менше сүй», – деген Абайдың өлеңі, қазақ халқының жақсы өн мен тәтті күйді жан азығы етіп ардақтаған көңіл-күйін бейнелейді.

Қазақтың ақын, жырау, өлеңші және әншілері өлеңдер мен жырларды, ұзақ дастандарды домбыраға қосып әнмен айтады. Қазақтың дәстүрлі музыкасының ерекшелігі-синкреттілігі, яғни өзгешілігі. Поэзия мен музыка әуенінің бірлігіне негізделген ән-жырлардың біртіндеп дараланып екі түрлі өнер арнасына жіктелді. Бірі әншілік дәстүр, екіншісі күйшілік дәстүр. Халықтың әнші-композиторлары Ақан Сері, Біржан сал, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Мәди, Естай, Абай, Нартай, Майра т.б. сал-серілерден бастау алатын әншілік өнер болса, XIX-XX ғасырларда айрықша дамыған домбыра күйлері екі түрлі нақыштық ерекшелігімен дараланды. Біріншісі-кең ауқымды, жүрдек төкпе-күй, екіншісі сырлы да өрнекті шертпе күй үлгілері дамыды. Қазақтың

күй өнерінің дамуына Құрманғазы Сағырбайұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Дәулеткерей Шығайұлы, Қазанғап Тілепбергенұлы, Ықылас Дүкенұлы, Дина Нұрпейісова, Сүгір Әлиұлы сияқты күйші-композиторлар үлкен үлес қосқан.

Халық музыкашыларының эпостық, тарихи, ертегі және тұрмыс тақырыптарына арнап музыка аспаптарымен орындауға шығарған шығармалары «күй» деп аталады. Күй өнге қосылмай, тек музыка аспабымен ғана ойналады.

Қорыта айтқанда музыка – ұлттық рухтың тілі десек, дәстүрлі өнерді жас ұрпаққа жеткізу, мақсатты түрде педагогикалық әсер ету, музыкалық тағылымы мен талаптарының қалыптасуына ықпал ету.

**Берікбай МЕЙІРБЕКОВ**  
**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, «Мәдени және әлеуметтік жұмыс» кафедрасының аға оқытушысы, ЖОО білім саласының үздік педагогы, Білім беру ісінің үздігі**